

Қазақстан Республикасы

Ақтөбе облысы
Байғанин ауданы
« МАТАЙҚҰМ ОРТА

МЕКТЕБІ» КММ

Б Ұ Й Р Ы Қ



Республика Казахстан

Актюбинская область
Байганинский район
КГУ «МАТАЙКУМСКАЯ СРЕДНЯЯ

ШКОЛА»

П Р И К А З

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы Дияр ауылы
Тел/факс: 871345-73-0-45; mataikym_2018@mail.kz

20 23 ЖЫЛҒЫ « 1 » 09

№ 49

2023-2024 оқу жылының басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Қ. Дүйсенованың 2023 жылғы 25 тамызы күні Білім саласы қызметкерлерінің республикалық тамыз кеңесінің бірыңғай пленарлық сессиясының ашылуында 2023-2024 оқу жылының ұзақтығы 34 апта және аяқталуы 25 мамыр болуы туралы тапсырмасына, Ақтөбе облысының білім басқармасының 01.09.2023 жылғы №363 жылғы бұйрығы және Байғанин аудандық білім бөлімінің 2023 жылдың 1 қыркүйектегі «Орта білім беру ұйымдарында 2023 – 2024 оқу жылының басталуы туралы» №162 бұйрығы негізінде Байғанин ауданының білім бөліміне Матайқұм орта мектебінде 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Барлық сынып жетекшілері мен педагогтерге:

1.1. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын.

1.2. Барлық сыныптарда жаңа 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін барлық жағдай жасау қамтамасыз етілсін.

1.3 Білім беру ұйымында оқушылар мен педагогтердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары бақылауға алынсын.

1.4. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жүргізу ұйымдастырылсын.

1.5. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігімен айқындалған оқу мерзімдері туралы ақпарат білім беру ұйымдарына, ата-аналар назарына жеткізілсін:

1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы 2023 жылғы 1 қыркүйек, аяқталуы 25 мамыр болып белгіленді;

2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12)-сыныптарда – 34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі тоқсандар аралығындағы оқушылардың каникул кезеңдері:

күзгі каникул – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан - 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы каникул – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі каникул – 11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5 ақпаннан бастап -11 ақпанды қоса алғанда).

1.6. ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

1.7. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Х.Куатовқа міндеттелсін.

Мектеп директоры:



Қ.Бабасов